

ӘОЖ 002.2 (093)

А.Т. Нұрпейісова

Алматы университеті, Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

E-mail: ak_nur_t@mail.ru

Дулат Исабеков әңгімелеріндегі отбасылық құндылықтар мен кейіпкерлер болмысы

Бұл мақалада қарапайым ауыл адамдарының тіршілігінен бастап, отбасылық құндылықтар, үлкен жауапкершілікті сезінуге тиіс әке мен бала арасындағы жылы қарым-қатынастар, сондай-ақ қоғамдағы кейбір келеңсіздіктер суреттелген Дулат Исабеков әңгімелері талданады. Жазушының «Бейтаныстар», «Ақлима», «Әке», «Бітпейді арман», «Мәңгілік қағида» әңгімелеріндегі кейіпкерлердің болмыс-бітімі ең алдымен адами құндылықтарымен өлшенетіндігі зерделенеді. Сондай-ақ жас жігіт пен бейтаныс қарт ана, Ақлима мінезі, әке мен бала арасындағы қарым-қатынастар, т.б. шынайылығымен назар аудартағындығы әңгімеленеді. Жазушы қаламына тән өзіндік ерекшеліктер мен образ сомдаудағы шеберлігі де айқындалып, кейіпкерлер болмысын аса сезімталдықпен орынды аша білген психолог жазушы ретінде бағаланады.

Түйін сөздер: суреткер, кейіпкер болмысы, отбасы, құндылық, шағын жанр, көркем образ, тіршілік, адамгершілік, шығарма шешімі, авторлық позиция, т.б.

A. T. Nurpeyisova

Family values of characters of stories of Dulat Isabekov

Dulat Isabekov's stories narrate the lives of simple people, about eternal values of a family as a small cell of society, and about the warm relationship between generations. But at the same time, they depict the negative sides of reality.

In the writer's stories, the outlook of characters, their moral guidelines, and assessment of human values is explored. With it passes the central life of the young man and unfamiliar elderly mother (both Aklima's character); the relationship of father and son; sincerity; and the natural character, which attracts the attention of the reader.

The prose writer Dulat Isabekov is attentive that the creations issued from his pen note the psychological depth, skill, and identity in a sketch of literary images.

Keywords: artist, essence of character, family, values, small genre, artistic image, life, moral, solution, author's position.

А.Т. Нурпейісова

Семейные ценности персонажей рассказов Дулата Исабекова

В статье исследуются рассказы Дулата Исабекова о жизни простых людей, о вечных ценностях семьи как малой ячейки общества, о теплых взаимоотношениях между поколениями. Рассматривается мировоззрение персонажей, их нравственные ориентиры. Автор отмечает, что Дулат Исабеков – мастер, творения которого характеризуются психологической глубиной, мастерством, индивидуальностью в зарисовке литературных образов.

Ключевые слова: художник, сущность персонажа, семья, ценности, малый жанр, художественный образ, быт, нравственность, решение проблемы, авторская позиция.

Жақсы сомдалған кейіпкер бейнесі, қапысыз тартылған оқиғалар желісі, ең бастысы, қоғамның элеуметтік тіршілік-тынысын дөп басып айту секілді сипаттар белгілі қаламгер Дулат Исабеков шығармашылығына тән. Шығармаларының

қайсысында да оқушы көңілінен шығу, уақыт талабына жауап беру мұрат етілген. Суреткер өз оқырманының жан дүниесіне ене отырып, адам тағдыры, жұтандаған ұлт бейнесін аяусыз ащы мысқылмен көрсетіп отырады. Жа-

зушы қаламына тән тағы бір ерекшелік, оның шығармаларындағы кейіпкерлер ісіне қанша қынжылсаң да, жек көріп кете алмайсың. Өйткені кеңес өкіметі тұсында өзіне таңылған жаңалықтар жетегінде кетіп, өзінің кім екенін ұмытуға айналған аңғал қазақтың тіршілігіне реніштен гөрі жан ашу сезімі басым түседі.

Жазушы Дулат Исабеков өзінің алғашқы әңгімелерінен-ақ шынайы шеберліктің үлгісін танытып, өмірдің өзінен ойып алған бұрмасыз өмір құбылыстарын, сан түрлі кейіпкерлер тағдырын суреттеуімен қалың оқырман қауымның ықыласына бөленген болатын. Бұл жөнінде белгілі сыншы Әмірхан Меңдеке: «Дулат Исабеков әңгімелерінің аса бір өтімді һәм ұтымдылығы, жазушы әңгімелерінің барлығы дерлік бүгінгі күнімізді парықтау мен айшықтауға арналған» [1,14 б.] десе, ал жазушы А.Сейдімбектің «Дулат творчествосының құлақ күйі – шындық парасат, бұрауына келтірген. Ол жазған дүниелерден адамзат әулеті үшін жанын жаялық ететін күй-шежіренің қоңыр үні естіліп тұрғандай» [2,4 б.] деген сөзінде жазушыны танумен бірге шығармашылық мұрасын, ондағы басты белгілерді тап басу айқын аңғарылады. Қаламгер әңгімелерінің дені ауыл адамдарының қарапайым тұрмыс-тіршілігін, олардың санасында, жан қалтарысында орын алған түрлі психологиялық иірімдерді, өз замандастарының бар болмыс-бітімін суреттеуге арналған. Дулат Исабеков – әсіресе, қарапайым ауыл адамдарының болмысын аса сезімталдықпен орынды аша білген психолог жазушы. Қаламгер кейіпкерлерінің жүрек сыздатар аянышты тағдырын түрлі жағдайлар аясында бейнелеп, тығырықтан шығуға ұмтылған талпыныстарын әсерлі де аянышты қалыпта суреттеп, оқырман қауымның көңіл таразысына салып отырады. Зерттеуші А.Таңжарықова бұл туралы «Жалпы Д.Исабеков өз әңгімелерінде қазақы ауылдың тұрмыс-тіршілігін бейнелей отырып, үлкен проблемаларға бой ұрады. Оның шығармаларының ерекшелігі де сонда – көңілге сондай жылы тиетін, таза бұлақ суындай мөлдірлік астарынан ұлттық мінезді, психологияны байқай аласыз» [3,21 б.] деген пікір білдіреді.

Жазушы «Бейтаныстар» әңгімесінде де ауыл адамдарының күнделікті күйбең тірлігімен қоса, олардың адамгершілік, азаматтық болмысын суреттеуге ден қояды. Шағын әңгімеде жастардың отбасы, отбасылық құндылықтар, үлкенге ізет,

ата-ана алдындағы парыз сынды түсініктері де сөз болады. Бастығын алып қайту үшін жаңбырлы күні қалаға аттанған Қиясбектің алдынан қолына кішкентай немересін көтерген қарт ана жолығады. Мынадай елсіз далада, қас қарайған сәтте жалғыз жаяу жолға шыққан қарияның жайы жас жігітті үлкен ойға салады. «Қиясбек мына көрініске таң қалды. Япырау, елсіз-құзсыз ай далада жүрген қандай жан бұл? Ауа райы болса мынау, күн кешкіріп бара жатыр. Оның үстіне күн батқанша ол жете қоятын жуық арада ауыл да жоқ қой. Тіпті, беймезгіл шақта оның жалғыз өзі жүргені несі?» [4,387 б.]. Шұғыл шаруаны орындауға онсыз да кешігіп бара жатқан жігітті әлгі қарияның жалғыз жүрісі көп ойландырады. Адамгершілік таразысы алдында екі ұшты ой жетегінің қамауында қалған кейіпкердің бар бітім-болмысы, азаматтық бейнесі осы тұста айқын көрініс табады. Қартты барар жеріне апарып саларын не күн ұзаққа мұны қалада күтіп отырған бастығына уақытында жетерін білмей дал болған жас жігіт ақыры арына жүгініп, қарияны жеткізіп салу үшін ізіне қайтып бұрылады.

Бұл әңгімеде жазушы бір отбасы өмірінен өткен шағын оқиғаны шығарма өзегі ете отырып, бүгінгі жастардың отбасы құндылықтарына, ерлі-зайыпты ретіндегі бір-бірінің алдындағы жауапкершіліктеріне, ата-ана алдындағы перзент парызы сынды дүниелерге деген көзқарастарын көрсетеді. Кемпір мен шалдың аялап, алақанға салып өсірген жалғыз ұлдары перзенттік борышын өтемек былай тұрсын, келіншегінің қасқабағына қарап, өзге ауылға бөлек көшіп кетеді. «Бірақ бір жыл өткен соң, не жетпейтінін қайдам, екеуі жиі-жиі түс шайысып қала беретінді шығарды. Жамандап қайтейін, келінімнің іші онша кең адам емес. Сонан соң оларға енші бердік. Қайтеміз, қайда жүрсе де аман болсын [4,390 б.]. Шығармада қарияның ұлы Тәліптің болмысына Қиясбектің образы қарсы қойылады. Сол арқылы автор оқырманға жастардың бәрі Тәліп тәрізді емес екендігін қарапайым ауыл жігітінің іс-әрекеті арқылы көрсетеді. Қиясбек кемпірді қажет жеріне жеткізіп қана қоймай, бір отбасының бүтіндігін сақтап қалуға да тікелей мұрындық болады.

Бұл әңгімеде қаламгер «бақыт» түсінігіне де әр кейіпкерінің көзқарасы, іс-әрекеті тұрғысынан баға беруге тырысады. Әр жан үшін «бақыт» түсінігі әрқалай. Ал бас кейіпкер Қиясбек үшін бақыт – өз мүддесін өзгелердің мұқтаждықтары

алдында құрбан етіп, басқалардан көмек қолын аямау. Сол арқылы кейіпкер өзін шынайы бақытты сезінеді. Осы шағын әңгімеден автордың өмірлік позициясын да айқын аңғаруға болады.

Жазушының «Ақлима» әңгімесі де отбасын жаңа құрған жастардың қарым-қатынасына, отбасылық құндылықтарға деген көзқарастарына арналған. Жаңа түскен келіншек болса да, көрші-қолаңмен айқай-шу шығарып үйренген Ақлима қой аузынан шөп алмайтын күйеуін де жер-жебіріне жеткізе балағаттап үйренген. «– Бейшара есепші! – деді Сопытайдың шотын жұлып алып: – Намыссыз, жігерсіз!» [4,380 б.]. Бұл әңгімесінде автор басыңа қонған бақытты дер кезінде бағалай алмасаң, қадіріне жетпесең, мәңгілікке жоғалтып алуың да ғажап емес дегенді айтады. Сондай-ақ шығарманың өн бойында қамшыдай өріліп отыратын басты идея «Шыққан қыз шиден тысқары» деген халық даналығына саяды. Небәрі екі-үш күндей таныстықтан соң, ойланбастан отбасын құрған Ақлима балалы болғаннан кейін күйеуі Сопытайдың мінезіне көңілі толмай ажырасуды ұйғарады. Сопытайдың сондағы бар күнәсі – Ақлима қанша бақырып-шақырып, балағаттап жатса да, былқ етпес сабырлы қалпынан танбауы. Сопытай – автор тарапынан шынайы, көркем шыққан образ. Оның қылықтары мен кейбір сөздері оқырманның жүзіне еріксіз күлкі үйіртеді. Сопытайдың бар қимыл әрекеті, шығарманың әр тұсында ғана көрінетін қысқа диалогтары арқылы автор өз кейіпкерінің бар бітім-болмысын шынайы бере білген. Тіпті, Ақлима ажырасамын деп төркініне кеткенде оны алып келуге барған Сопытайдың қаннен-қаперсіз сүйек кеміріп отырған қалпы да оның кей тұстары жігерсіз, бейғам, тым момын жан екенін дәлелдейді. Ал Ақлима өзінің шайпау мінезінен қайыр таппады. Керісінше, емін-еркін еркелеп өскен отбасында мүлде бөтен жан екенін сезді. «Жеңгесімен түс шайысып қала берді. Жас келіншек өзінің бұл үйдегі артық адам екенін енді-енді аңғарғандай. Ағасы мен жеңгесінің тыныш өміріне де бүлік салатын өзі екенін білді [4,384 б.].

Жазушы бұл шығармасында да отбасы ұғымының қасиетті ұғым екенін, бас қосып, шаңырақ көтерген соң, сынықтан сылтау іздей бермей, өмірдің сынақтарына бірге төзе білу керектігін айтады. Қолда барды бағаламаған жанның түбінде үлкен өкінішке ұрынуы мүмкіндігін өз кейіпкерінің тағдыры арқылы

көрсетеді. Мұндағы Ақлима да – сәтті шыққан образ. Жазушы өз кейіпкеріне тура мінездеме беріп жатпаса да, оның шапшаң сөздерінен, кез келген сәтте ұрыса кетуге дайын, әрдайым ештеңеге көңілі толмай күңкілдеп жүретін мінезінен қандай жан екенін бірден аңғарамыз. Тіпті, кішкентай ауыл балалары да оның осы мінезін біліп, мазақтап өлең шығарған. Шығарманы оқи отырып, кеше ғана босаға аттап, жақында сәбилі болған келіннің осыншалықты шайпау мінезіне, бәрін өзі билеп-төстегеніне таң қаласың. Бұл орайда жазушы болған жағдайлардың бәрінің бір ұшы Сопытайға да тиіп тұрғанын меңзегісі келгендей. Әңгіме барысында Сопытай сынды жуастық танытып, отбасының билігін әйел адамға ұстатқанда туатын кейбір келеңсіздіктерге куә боласың. Осы арқылы қаламгер қазақ отбасындағы отағасының, әкенің, ер адамның атқарар рөлінің қаншалықты маңызды екенін қалың оқырманының тағы да бір рет есіне салып өткендей болады.

Отбасы мүшелері арасындағы қарым-қатынас, әсіресе, әке-бала ортасындағы әкелік-перзенттік сүйіспеншілік сезімі жазушының «Әке», «Бітпейді-ау арман» әңгімелеріне арқау болған. Мәселен, «Әке» әңгімесінде өз баласының болашағын ойлап уайымға салынған Әшірептің образын көреміз. Қаламгер бұл әңгімесінде «қанша есейіп кетсе де, ата-ана үшін перзенті қашан да жас бала болып қала бермек» деген идеяны көлденең тартады. Ержетіп, ес біліп қалған ұлын бәрінен қорғаймын деп жүріп Әшіреп өз баласының қаншалықты жігіт болып өсіп қалғанын да аңдамайды. Ұлының таңдаған достарына, жүрген жүрісіне, тіпті, тындаған әуендеріне дейін күдіктене қарайды. Оны да өз жолымен жүргізіп, өзі таңдаған жандармен араластырып, өз дегенін істеткісі келеді. Ұлының достарына, тіпті, жастар қауымына күдіктене қарайтын әке өз тұжырымдарының қате екендігіне көз жеткізеді. Ұлын алыс сапарға шығарып саларда көрген жас қыз Мәриям тіпті де әдепсіз қыз емес екен, керісінше, қазақ қызына тән ұяндық пен ибалықты бойына сақтаған, тәрбиелі бойжеткен болып шықты. Әшіреп күдіктеніп жүрген Есенжолдың достары есерсоқ, бұзақылар емес, мұның ұлын дос деп біліп, құрметтейтін сенім артар жолдастары екен. «Ұлы үш-төрт жігіттің ортасында тұр. Тап осы жолы әкесі өз баласын танымай қалды. «Апыр-ау, мынау өзі қалай өзгеріп кеткен, сап-салмақты ғой. Мен неге байқамағанмын мұны!» [4,359 б.].

Жазушы осы туындысында баланы қанша қорғаштасаң да, оның өз таңдаған жолы, өз мақсат-мұраты, өз жауапкершілігі болуы тиіс дегенді айтады. Ата-ана бір сәт перзентіне де сенім артып, оның өз бетінше өмір сүруіне де жағдай туғызуы керек деген ойды алға тартады.

Ал «Бітпейді-ау арман» әңгімесіне қарт әкенің ұлына деген үлкен әкелік махаббаты, сағынышы, перзентіне артқан үміті арқау болған. Перзент – ата-ана үшін өмірінің бар бақыты, көз қуанышы, болашағы, өмірінің жалғасы. Әсіресе, қазақ халқы үшін ұлдың алар орны ерекше. Әңгіме кейіпкері, қарт полковник Айтөре Қалимолдин да жалғыз ұлы Нариманды әкелік сезіммен аялай сүйеді, оған үлкен үміт артады. «Перзент дегенді адам баласының, соның ішінде, әкелердің осыншалықты жанымен, тәнімен беріле сүйетініне қарт полковниктің казір ғана көзі жеткен секілді [4, 394 б.].

Әңгімеге өзек болып тұрған дүние – қарттың ішкі әлемі. Мұнда кейіпкерлердің диалогынан гөрі, қарияның ішкі монологы басым. Ресейге әке жолын қуып, әскери мамандықтың қыр-сырын меңгеруге кеткен ұлын көрмегеніне бақандай екі жыл болды. Әкенің ұлына деген сағынышында шек жоқ. ««Папа» деген осы бір төрт-ақ әріпке бар әлемнің қызуы мен қызығы, махаббаты мен рахаты түгел сыйып жатыр еді. Сонымен бірге «папа» деген жалғыз ауыз сөзде азамат болған ұлының кешегі балалық шағын елестетіп, кеудедегі жүректі ыстық табадағы майдай ерітіп жүре беретін еркелігі мен бала сезімі, балғын үні бар еді» [4, 395 б.].

Ұлының болашағын ойлап тәтті қиялға берілген қарттың ендігі бар қызығы мен өмірінің мәні осы жалғыз ұлы еді. Соны ойласа Айтөре шалдың әлі де өмір сүргісі, әлі де талай дүниені көргісі келеді. Қаламгер осы шығармасында ата-ана үшін баланың соншалықты ыстық екенін, баласының бір ауыз жылы лебізі қарт жандардың көңілін қаншалықты марқайтып, өмір сүруге деген құштарлығын ұлғайтатынын көрсетеді. Әңгімеде әкенің балаға деген махаббаты, сүйіспеншілігі қарттың ішкі толғанысы арқылы шынайы, шебер сомдалған.

Жазушының қоғам өміріндегі түрлі келеңсіздіктер, әділетсіздіктер турасында жазылған әңгімесі – «Мәңгілік қағида». Шығарманың «Мәңгілік қағида» аталуының да өзіндік сыры бар. Қай заман, қай дәуір, қай елде де жетім мен жесірдің, әлсіз бен мұқтаждың мүддесі құнтталып, жоғы түгенделген емес. Қай кезде де

әлсізді әлді жеңіп, өз өктемдігін жүргізген. Осы шағын шығарманың басты айтар ойы, арқалар идеясы – осы. Небәрі он алтыға енді ғана шыққан жас жеткіншектің өмірі бір сәтте өзгеріп шыға келді. Онсыз да әкеден қаршадайынан жетім қалып, өмір тақсиретін ерте тартқан оған алты жыл бас бостандығынан айыру жазасы кесілді.

Әкесі дүние салған соң, анасы төрт баламен жалғыз қалды. Сол сәттен бастап бұлардың басынан қайғының бұлты бір сәт те сейілген емес. Әпкесінің тұрмысқа шығатыны туралы қуанышты хабардың соңы анасының көз жасымен, өз қызына тым болмаса сырға салып шығарып сала алмайтындығы жөніндегі өкінішпен аяқталған болатын. Осы жағдайдың бәріне куә болған жас бала көршісінің үйіне ұрлыққа түсуді ұйғарады. Мұның соңы әлгіндегідей өкінішті жағдаймен аяқталды.

Жазушы мұнда бір ғана отбасының басындағы трагедияны емес, бүкіл қазақ қоғамын жайлаған қасіреттің бетін ашады. Адамдардың бір-біріне деген мейірімсіздігі, дүние жиюмен баю жолында жап-жас баланың өмірін құрбандыққа оп-оңай шалуы – қоғамның бүркеуге келмес ащы шындығы. Қайыршы кейпінде өмір сүріп жатқан көршісіне көмек қолын созбақ былай тұрсын, тіпті, өз үйіне ұрлыққа түсіп, ештеңе алып кете алмаған жасөспірімге ұрламаған затын ұрлады деп, екі есе шығын жазып, ақша табуға құныққан көршінің әрекетін сорақылық деп тапқан ешкім болмады. Бәріне куә болған екі милиция қызметкері, тіпті әділ шешім айтар соттың өзі де бар шындықты біліп тұрса да, «бармақ басты, көз қыстылыққа» салынып, жас баланы шімірікпей жазаға кеседі.

Шығарма шешімінде айыпқа тартылған, әлеуметтің әлді өкілдері көрсеткен қысым алдында қауқарсыз жас баланың ойы арқылы жазушы бүгінгі қоғамға берген өз бағасын, көзқарасын айқын танытады. Қоғам өмірінің толғауы жеткен келелі мәселелерін шынайы суреттей білген қаламгер шығармашылығы жайлы сыншы М.Қожахметова «Әріптестерінің, құрдастарының арасында Исабековтей өз ортасын, ұлтын, өз системасын алдын-ала көрегендікпен суреттегені кем шығар» [5, 23 б.] деген ой түйеді.

Қорыта айтқанда, Д.Исабековтің отбасылық құндылықтар туралы әңгімелері – тақырыптық-идеялық, көркемдік тұрғыдан барынша сәтті, аз көлемді жанрға көкейкесті мәселелерді сыйғыза білген көркем дүниелер. Кейіпкерлер болмысы, олардың өзара қарым-қатынастары, уақыт,

тұрмыс суреттері әсерлі суреттеледі. Қаламгер өмірді жіті зерделейді, адам әлеміне сергек қарайды. Отбасылық тақырыпты тағдырларды таңдау арқылы шебер көрсете біледі. Адамзаттық мәселелерді ұлттық характерлер арқылы айтып, жазып келе жатқан суреткер кейіпкердің

сырт келбетін аз бағып, ішкі жан-дүниесін, жүрек қалтарысын қалтқысыз бақылауға тырысады. Жазушы әңгімелері образдарының айқындылығымен өзгешеленіп қана қоймай, қазіргі қазақ әңгімелерінің көркемдік тұрғыдан өсуіне де үлес қосып келеді.

Әдебиеттер

- 1 Мендеке Ә. Біз кіміз осы // Дулат Исабеков. Шығармалар жинағы, 3-том. – Алматы, 2003. – 399 б.
- 2 Сейдімбек А. Ойтолғақ. Жазушы Д.Исабековтың шығармашылығы туралы //Жас қазақ. – 1993. – № 44.
- 3 Таңжарықова А. Д.Исабеков прозасының көркемдік әлемі. Филол.ғыл. канд. дисс. – Алматы, 2008. – 129 б.
- 4 Исабеков Д. Шығармалар жинағы, 3-том. – Алматы, 2003. – 399 б.
- 5 Қожахметова М. Халық кеңесі// Ақиқат, 1992. №3. – 23 б.

References

- 1 Mendeke Ä. Biz kimbiz wasps // Dulat Issabekov. Shyғarmalar zhinary, 3 vol. – Almaty 2003. – 399 b.
- 2 Seydimbek A. Oytolgaq. Zhazushy D.Isabekovtyñ shyғarmashylygy turaly // Jas Kazak. – 1993. – № 44.
- 3 Tanzharykova A. D.Isabekov prozasynyn korkemdik alemy. Philology. fyl. Candidate. diss. – Almaty, 2008. – 129b.
- 4 Issabekov D. Shyғarmalar zhinary, 3 vol. – Almaty 2003. – 399 b.
- 5 Kozhahmetova M. Khalyk kenesi // Akikat, 1992. Number 3. – 23 b.